Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемесі

Қазақстан республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41-бабының 4-тармағына,16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасына және Қазақстан Республи-касы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығының 464-тармағына сәйкес, ауданның Бетпақдала жер қоры Мыңарал ауылдық округі маңындағы 0,5 га екі участок, Көктерек жер қоры Бірлік ауылдық округі маңындағы 3 га бір участок, Бетпақдала жер қоры Шығанақ ауылдық округі маңында 0,5 га бір участок ауылшаруашылық жер телімдерінің кадастрлық (бағалау) құнын және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі өндіріс шығындарын айқындау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалымен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізу туралы шешім қабылдадық. Аталған мекеме мемлекеттік сатып алу веб-порталының форматты-логикалық бақылау тізімінде 024010.160.000002 КТРУ бойынша енгізілсін.

Бөлім басшысы **Э. Кокушев**